

Көшелерге атап беру туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шетырғыз ауылдық округі әкімдігінің 2009 жылғы 13 наурызыдағы N 4 шешімі. Ақтөбе облысының Шалқар аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 19 наурызында N 3-13-101 тіркелді

Ескерту. Шешімнің бүкіл мәтіні бойынша "селолық" сөзі "ауылдық" сөзімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шетырғыз ауылдық округі әкімінің 24.11.2014 № 06 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің деректемелерінде "селолық" сөзі тиісінше "ауылдық" сөзімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шетырғыз ауылдық округі әкімінің 13.02.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылышы туралы" Заңының 14- бабының 4-тармақшасына және 16-бабына, сәйкес Шетырғыз ауылдық округ әкімі **ШЕЛШІМ ЕТЕДІ**:

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді – Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шетырғыз ауылдық округі әкімінің 24.11.2014 № 06 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Шетырғыз ауылдық округі халқының пікірін ескере отырып Қаратоғай. Тұмалықөл, Т.Ахтан ауылшаруашылық көшелеріне атап берілсін. Қаратоғай елді мекен бойынша

- 1) "Смағұл Маманов" көшесі Социалистік Еңбек Ері жылқышы жерлесіміз
- 2) "8 март" көшесі
- 3) "Төлеу Құлшаманұлы Бәсенов" көшесі КСРО Архитектура Академиясының корреспондент мүшесі
- 4) "Ідіріс Үргенішбаев" көшесі Кеңес Одағының батыры.
2. Тұмалықөл елді мекені бойынша
 - 1) "Мектеп" көшесі
 - 2) "Желтоқсан" көшесі
 - 3) "Тәуелсіздік" көшесі
 - 4) "Достық" көшесі
3. Т.Ахтан елді мекені бойынша

1) "Мектеп" көшесі

4. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шетыргыз ауылдық округі әкімінің
міндеттін уақытша атқарушы:*

B. Алмагамбетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК